bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2018

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ**

# Ұлттық киім-асыл мұра

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 14.10.2018 | https://bilimger.kz/44406/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы**:<br>**2-бөлім.**<br>**Киім. Сән. Талғам** | **Мектеп:** Қазыбек бек бекетіндегі орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығы мен коммуналдық мемлекеттік мекемесі | |
| **Күні:** | Мұғалімнің аты-жөні: Мирманова Салтанат  Идрисовна | |
| **Сынып:** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Ұлттық киім-асыл мұра** | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары**<br>**(оқу бағдарламасына сілтеме)** | **5.1.3.1 -тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау**<br>**5.4.4.3-сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есімнің орнына қолдана білу.** | |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар орындай алады:** | |
| | Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды.<br>Сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін танып, сын есімді зат есімнің орнына қолдана алады. | |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** | |
| | Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды, дербес пікір айтады.<br>Сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін таниды, заттанған сын есімді   грамматикалық нормаға сай қолданады. | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** | |
| | Тыңдалған мәтін мазмұнын түсініп, қосымша және негізгі ақпаратты анықтайды,   өмірмен байланыстырады.<br>Сын есімдердің мағыналық және шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін таниды,  заттанған сын есімдерді коммуникативтік қарым-қатынасқа түскенде мазмұнға сай, еркін қолданады. | |
| **Бағалау критерийі** | **Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, қосымша және негізгі ақпаратты анықтайды. Сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін таниды, сын есімді зат есімнің орнына қолдана біледі.** | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады**: көнерген сөздер мен сөз тіркестерін | |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** | |
| | Зерлі шапан, мауыты, мұрақ, жарғақ шалбар,  шекпен, күләпара, қаптама, сырттық | |
| | **Диалог құруға  арналған пайдалы тіркестер**: Меніңше.., Менің пікірімше…,   Достарым айтқандай…,   Киім киіну…,     Қорытындылай келе…; | |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:** | |
| | Ұлттық киімнің басқа киімдерден қандай айырмашылығы бар? | |
| | Әлеуметтік дәрежесіне қарай қазақта қандай киімдер болған? | |
| | Адамның киіміне қарап жасын немесе дәрежесін ажыратуға бола ма? | |
| **Құндылықтарға баулу** | **«Мәңгілік ел» құндылығы:** Ұлттық мәдениетті құрметтеуге баулу<br>**Адамгершілік құндылықтары:** өзіне және айналадағы адамдарға құрмет көрсету, өзгенің пікірін тыңдау, бағалай білу дағдыларын қалыптастыру | |
| **Пәнаралық байланыс** | **Тарих, технология** | |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Оқушылардың ұлттық киім туралы бұрынғы білімдері. | |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5 минут** | **1.Жағымды психологиялық орта қалыптастыру:**<br>**«Қос шеңбердегі комплименттер» әдісі арқылы о**қушылар екі  шеңберге  (ішкі және сыртқы) бөлініп, бір-біріне жүзін қаратып тұрады. Ішкі және сыртқы шеңберде бір-біріне бет қаратып тұрған оқушылар кезектесіп бір-біріне комплимент айтуы керек. Содан кейін ішкі шеңбердегілер оң жаққа бір адым жасап, алдында алмасып тұрған басқа оқушымен комплименттермен алмасады.<br><br>**2. Топқа бөлу.**<br>**«Пазл» әдісі** арқылы біртұтас суреттің жеке-жеке бөлшектерін жинап құрастыру арқылы топқа бөлінеді.<br>Шапан, тымақ, сәукеле, оюлы етік<br><br>**3.Оқу мақсатымен таныстыру:**<br><br>5.1.3.1 -тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау. | Әлімов А.<br>Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер,-<br>Астана, 2014<br>167-бет<br><br><br><br><br>Сурет қиындылары |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**Сабақтың ортасы**
**3 минут**

**ТЖ.**
**1.Тыңдалым алдындағы тапсырма:**
**«Кіріспе сұрақ»** әдісі арқылы сабақ басында оқушылардың белсенділігін арттыру үшін топтарға сұрақтар беріледі.
1. Киімнің қандай түрлерін білесің?
2.Ұлттық киім ерекшеліктері туралы не білеміз?
3.Алғашқы киімдер неден жасалған?
4. Отбасында кімдер ұлттық киім киіп жүреді?

Әлімов А, Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану,- Алматы, 2015. 138-бет

**Дескриптор**
-берілген сұрақтарға жауап береді;
-топпен ұлттық киім туралы пікірлерін білдіреді.

**ҚБ «Бағдаршам»** арқылы топтар өзара бірін-бірі бағалайды.

**Ж.**
**2-тапсырма. Тыңдалым тапсырмасы: «Ақпаратты сүзу» әдісі. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма**

Үлестірме материалдар
11-күн,
1-үлестірме материал.

**10 минут**

| | |
|---|---|
| **Бөлім** | Киім. Сән. Талғам. |
| **Оқу мақсаты** | 5.1.3.1-тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау. |
| **Бағалау критерийі** | Мәтінді тыңдап, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу және түсіну |

**Тапсырма**
**Мәтінді тыңдаңдар. Мәтіннен 2 негізгі және 2 қосымша ақпаратты анықтаңдар.**
Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның себебі-қазақ халқының табиғат құшағында өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты.
Әлеуметтік дәрежесіне, сондай-ақ қандай кәсіби салаға қатыстылығына қарай қазақ халқы арасында хан, би, сұлтан,(мұрақ, зерлі шапан) , бақсы, сал-сері,(жарғақ шалбар, мауыты, жібек жейде), малшы, аңшы (шекпен, кебенек, сырттық, күләпара), балуан, батыр (қаптама) киімдері деп бөлінген.
Жас ерекшелігіне қарай бала киімі, бозбала киімі, бойжеткен киімі, қалыңдық киімі, жас жігіт киімі, келіншек киімі, бәйбіше киімі, ақсақал киімдері болады.Олардың үлгілерінің әшекейі, тігілуі, кестеленуі әртүрлі болып келеді.
Жасы ұлғайған адамның киімі денеге қонымды, кең, мол пішілген, әшекейі, жалтырауығы аз, қарапайым болады. Күйеу киімі-ұзын төбе тымақ, қызыл манат шапан

**Дескриптор**
*Білім алушы*
-мәтін мазмұнын түсінеді;
-мәтіннен «Ақпаратты сүзу» әдісімен
2 қосымша және 2 негізгі ақпаратты анықтайды.

АКТ
Аудиотыңдалым
Дәулетбекова Ж, Қосымова Г
Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің
5-сыныбына арналған оқулық,-
Алматы:
Атамұра, 2017.
27-бет

**ҚБ: «Бас бармақ»** әдісі арқылы оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды.

Майк Гершон.
Оқыту үшін бағалау құралдары

**Ж.**
**3.Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:**
Блум таксономиясы бойынша саралау тапсырмасы

| | |
|---|---|
| Білу. | Түсіну. |
| Ұлттық киімнің қандай түрлерін білесің? | Ұлттық киімнің басқа киімдерден қандай айырмашылығы бар? |
| Қолдану. | Талдау. |
| Қазіргі заманда ұлттық киім киіп жүргенді ұнатасың ба? | Қазақ халқы қандай киімдерге ерекше мән берген? Неліктен? |
| Жинақтау. | Бағалау. |
| Адамдарды киіміне қарап жасын немесе әлеуметтік дәрежесін ажыратуға бола ма? | «Ұлттық киім-ұлттың құндылығы» деген пікірге өзіндік көзқарасың қалай? |

Әлімов А.
Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер,-
Астана, 2014.
86-бет

**10 минут**

**Дескриптор**
-өзі таңдаған ұяшық бойынша тапсырманы орындайды;
-ұлттық киім туралы түсініктерін өмірмен байланыстырады, өзіндік көзқарасын білдіреді.

**ҚБ:** Оқушылар дескрипторға сәйкес өзін-өзі бағалайды.

**ЖЖ.**
**4-тапсырма**
**Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сын есімдерді шырай түрінде қолданыңдар.**

**«Тізбектен не түсіп қалған?»** әдісі.

1.Жақсының……………….айт, нұры тасысын.
2…………………………….сыбағасынан құр қалар.
3…………………………………ісімен жақсы.
4……………………………………өрге жүзер.

| Сын есімдер | Шырай түрлері |
|---|---|
| | |

Үлестірме материалдар.
4-күн,
5-үлестірме материал.

«Назарбаев Зияткерлік Мектептері» ДББҰ. Қазақ тілі. Оқу жоспары. 2017-2018 оқу жылы.
5-сынып.109-бет.

**Дескриптор**
*Білім алушы*
— көп нүктенің орына керекті сын есімді қояды;
— сын есімдерді шырай түріне қарай түрлендіреді.

Майк Гершон
Оқыту үшін бағалау құралдары

**ҚБ:** Жұптар арасында «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы жұптар өзара бағалайды

**6 минут**

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>**6 минут** | **Сабақ соңындағы оқушылардың рефлексиясы**:<br>**«Шығу парағы»** кестесі<br>Сабақ соңында оқушылар бірнеше сұраққа жауап береді.<br>1. Бүгін не үйрендіңіздер?<br>2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?<br>3. Келесі сабақта қандай мәселеге назар аудару керек?<br>4. Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба?<br>5. Осы тақырып бойынша тағы не білгіңіз келеді? | Әлімов А.<br>Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер,-<br>Астана, 2014<br>159-бет |
| Қосымша ақпараттар | | |
| Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? | Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| Ұсынылған тапсырмалар арқылы оқушының жеке танымдық қажеттілігін ескеріп, саралап жұмысын жоспарладым<br>Саралау тапсырмаларына «Блум таксономиясымен» бердім. Оқушы өзінің танымдық қажеттілігіне сай орындайды. Оларға қошемет, қолдау көрсетіп отырамын. | Қалыптастырушы бағалау білім алушы мен мұғалім арасындағы оқу жетістігінің дамуына оң ықпал ететін үдеріс. Қалыптастырушы бағалауда қошемет сөздер, дескрипторға сәйкес өзін-өзі бағалау, «Бас бармақ», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бағдаршам» тәсілдерін қолдануды жоспарладым, | Сынып бөлмесінде әрбір оқушының өзіне ыңғайлы, денсаулыққа зиянсыз ережелерді сақтауды , АКТ қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қарастырамын. |
| Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?<br>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?<br>Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен? | Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз.<br>Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз. | |
| Жалпы бағалау<br>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? | | |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.